

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша
қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Көмек командасы» қоғамдық қоры
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Айтбай Қанат Сәлімгерейұлы
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 27 ш/а, 31, 29 пәтер.
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): Отбасылық құндылықтарды насихаттау және әйелдердің көшбасшылық әлеуетін арттыру
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 2024 жылдың «25» сәуір мен 2024 жылдың «31» қазан аралығы
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 10 999 122 (он миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың жүз жиырма екі) теңге.

1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

1 міндет. Республикалық спикерлерді тарта отырып әйелдер көшбасшылығын қолдауға бағытталған кемінде 25 әйел көшбасшысына арналған 5 компоненттен тұратын білім беру бағдарламасын іске асыру.

1 іс-шара. Білім беру бағдарламасын жасақтап, келісу. 25 әйел көшбасшысына арналған 5 компоненттен тұратын білім беру бағдарламасы іске асыру

5 компоненттен тұратын оқу бағдарламасын тапсырыс беруші мен оқуды өткізетін тренерлерді бекітіп және келісілді. Курсқа қатысушыларға таратылатын брошюралар дизайны мен мазмұны жасақталды.

Тренерлер: Ләйлә Сұлтанқызы, Дәулет Мұқаев, Ұлан Дәулетқали

Іс-шараға қатысушыларды іріктеу үшін шақыру посттары салынып, таргеттелді. Қатысушыларды іріктеуге арналған, олардың тізімін бекітілгендігі жөнінде және іс-шараның өткені бойынша посттар салынды.

Қабылданған өтінім саны – 580. Келіп түскен өтінімдердің ішінен комиссия 25 әйел көшбасшыны таңдады. Семинар тренингке қатысушылардың 80% астамы оқу бағдарламасына қанағаттанарлық көрсеткіш тіркеді.

2 міндет. Дәстүрлі отбасы құндылығын насихаттаудағы республикалық деңгейдегі білікті мамандардың қатысуымен 200-ге жуық жас ата-аналарға арналған 2 мастер-класс өткізу.

1 іс-шара. Дәстүрлі құндылықтарды насихаттауға бағытталған республикалық деңгейдегі білікті мамандардың қатысуымен 2 мастер-класс өткізу.

Дәстүрлі отбасы құндылығын насихаттаудағы республикалық деңгейдегі білікті мамандардың қатысуымен жас ата-аналарға арналған 2 мастер-класс өткізілді. Біріншісі Ақтау қаласында 200 адамды қамтыған, екіншісі Жаңаөзен қаласының 233 тұрғындарымен онлайн өтті.

Шеберлік сағатын өткізген – Жанар Айлашова – спикер-мотиватор, «Kinote» спикерлер мектебінің тренері.

Іс-шарада бағдарламасында: --«Отбасындағы иерархия» семинар тренингі.

- «Тәрбие тал бесіктен» практикалық тапсырмалар.

- «Кәсіпті қол нәсіпті» – ер азаматтарға арналған шеберлік сағат.

-«Шебер қолдар» – әйелдерге арналған шеберлік сағат.

-«Қолымда бір қамшым бар күмістелген...» – ер азаматтарға арналған шеберлік сағат.

-«Өткірдің жүзі, Кестенің бізі...» – қыз-келіншектерге арналған шеберлік сағат.

-«Асығың алшысынан түссін» – балаларға арналған ойын бағдарламасын қамтылды.

«Дәстүр Фест» деген атаумен өткен шеберлік сағаты облыстағы жас отбасыларға аса қажетті әрі өзекті іс-шара болды. Ол жерде ұлттық, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге байланысты семинар өткізіліп, ұлттық құндылықтарды насихаттауға байланысты шеберлік сағаттар өтті. Әйел адамдарға да ерлерге де арналған ұмыт болған қолдан әр түрлі бұйымдар жасау секілді ұлттық құндылықтар қай кезде де өзегін жоймайтын іс-шара болып табылады.

3 міндет. Отбасының жағымды бейнесін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған 3 бейнеролик әзірлену және тарату 1 іс-шара. Кәсіби актерлердің қатысуымен 3 бейнеролик әзірлеу.

Кәсіби актерлердің қатысуымен отбасының жағымды бейнесін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған «Баланы бақпа, тәрбиеле», «Әр баланың арманы – бақытты отбасы», «Перзент үшін ең жылы ұя – ананың аялы алақаны» тақырыбында 3 бейнеролик әзірленді. Түсірілімге үш түсірілім тобы қатысты. Қоғамда отбасы құндылықтарын дәріптеуге бағытталған бейнероликтер әзірленіп, әлеуметтік желілерде, Маңғыстау облысындағы белсенді парақшаларда таратылды. Желі қолданушыларын, қазіргі отбасы құндылықтарын дәріптеп, оқырманға ой салу мақсатында бейнероликтер интернет кеңістігінде таратылды.

1) <https://www.instagram.com/reel/DCQ01k7N5vo/?igsh=Mm45a3F0bHJjOWgx>

2) <https://www.instagram.com/reel/DCRJf1Vtg9b/?igsh=MTdhdHNwZ2kzeG84aw==>

3) <https://www.instagram.com/reel/DDJ63AqtD0f/?igsh=MWI0dzRyMDNwNnJ3cQ==>

Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:

Жобаның мақсаты:		Маңғыстау облысында отбасы саясатына оң пікір қалыптастыру және әйелдердің көшбасшылық әлеуетін арттыру.							
Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:		Облыстағы көшбасшы әйелдердің кәсіби әлеуетін арттыру бойынша Республикалық спикерлердің қатысуымен тренинг өткізілді. Отбасының жағымды бейнесін дәріптеу, отбасы мәртебесін арттыру мақсатында жас отбасыларға арналған екі шеберлік сағаты өтті. Отбасы құндылықтарын дәріптеуге бағытталған 3 әлеуметтік бейнеролик дайындалды.							
Міндет	Міндет шеңберіндегі іс-шаралар	Өткізілу күні	Өткізілу орны	Қатысушылардың саны	(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер	Сандық және сапалық көрсеткіштер	Индикаторлар		Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)
							жоспар	факт	
1 міндет. Республик алық спикерлерд	Білім беру бағдарламасын жасақтап, келісу. 25 әйел	Мамыр 2024	Маңғыстау облысы	25	5 компоненттен тұратын оқу бағдарламасын тапсырыс беруші	Тапсырыс берушімен келісілген 5 компоненттен (қаржылық	1	1	5 компоненттен тұратын оқу бағдарламасы – кез келген көшбасшылық

і тарта отырып әйелдер көшбасшылығын қолдауға бағытталған кемінде 25 әйел көшбасшысына арналған 5 компоненттен тұратын білім беру бағдарламасын іске асыру.	көшбасшысына арналған 5 компоненттен тұратын білім беру бағдарламасы іске асыру				мен оқуды өткізетін тренерлерді бекіту және келісілді.	сауаттылық, жобалық менеджмент, шешендік өнер, коммуникация және жеке брендингке кешенді) тұратын оқу бағдарлама			әлеуетін арттыруға талаптанатын әйел адамдарға дайын әдістемелік құрал.
					Курсқа қатысушыларға таратылатын брошюралар дизайны мен мазмұны жасақталды.	Сертификат үлгі	1	1	
					Тренерлер: Ләйлә Сұлтанқызы, Дәулет Мұқасев, Ұлан Дәулетқали	Республикалық спикерлер (түйіндеме, тізім)	1-ден кем емес	3	
					Іс-шараға қатысушыларды іріктеу үшін 2 шақыру посты салынып, таргеттелді.	Фотоесеп	Әр шарадан 5-тен кем емес	6	
					Қатысушыларды іріктеуге арналған, олардың тізімін бекітілгендігі жөнінде және іс-шараның өткені бойынша бары 8 пост салынды.	Тапсырыс берушілермен келісілген шараға қатысушыларды іріктейтін хабарландыру	1	1	
					Жарнама негізінде WhatsApp әлеуметтік желісіне келіп түскен хабарламалар саны – 373.	Өтінім үлгісі	1	1	
					Электронды поштаға келіп түскен өтінімдер	Әлеуметтік желідегі жарияланым	Әр шарадан 2-ден кем емес	6	
						Шараға қатысушылар тізімі	Әр шараға 25-тен кем емес	25	
						БАҚ-та жарияланым	1	3	
						Пікір	Әр шарадан 2-ден кем емес	3	
						Сауалнама үлгі	1	1	

					саны – 50 – оның ішінде 4 өтінім қосымша құжаттар тіркелмегендіктен конкурсқа жіберілмеді. Қабылданған өтінім саны – 46.	Сауалнаманың қорытындысы қанағаттану деңгейі 80% Спикерлердің әр компонент бойынша материалдары Видеоесеп Таратпалардың (блокнот, брошюра) фотосы	1 5 Әр шарадан 1-ден кем емес 2-ден кем емес	1 5 1 4	
2 міндет. Дәстүрлі отбасы құндылығын насихаттаудағы республикалық деңгейдегі білікті мамандардың қатысуымен 200-ге жуық жас атаналарға арналған 2 мастер-класс өткізу.	Дәстүрлі құндылықтарды насихаттауға бағытталған республикалық деңгейдегі білікті мамандардың қатысуымен 2 мастер-класс өткізу	Тамыз 2024	Маңғыстау облысы	25		Тапсырыс берушімен келісілген бағдарлама Республикалық тренер (түйіндемесі) Фотоесеп/видеоесеп Қатысушылардың тізімі Әлеуметтік желідегі жарияланым БАҚ-та жарияланым Пікір Сауалнама үлгі	2 2 Әр шараға 10/1-ден кем емес 200 адамнан кем емес 6-дан кем емес 1 4-тен кем емес 1	2 2 20/2 343 12 2 8 2	

						Сауалнама қорытындысы қанағаттану деңгейі 80%	1	2	
						Тренердің шарада қолданған материалдары	1	2	
						Таратпаларының (блокнот, брошюра) фотосы	2-ден кем емес	4	
3 міндет. Отбасының жағымды бейнесін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған 3 бейнеролик әзірлену және тарату	Кәсіби актерлердің қатысуымен 3 бейнеролик әзірлеу.	Шілде 2024	Маңғыстау облысы	200	Кәсіби актерлердің қатысуымен отбасының жағымды бейнесін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған «Баланы бақпа, тәрбиеле», «Әр баланың арманы – бақытты отбасы», «Перзент үшін ең жылы ұя – ананың аялы алақаны» тақырыбында 3 бейнеролик әзірленді. Түсірілімге үш түсірілім тобы қатысты.	Тапсырыс берушімен келісілген бейнеролик сценарийі Бейнеролик USB-түрінде және интернет дискке жүктеледі. Әлеуметтік желідегі жарияланым БАҚ-та жарияланым Дайджест (сілтеме, скрин)	3 3 1 5-тен кем емес танымал парақшада (инстаграм, тикток) 1 1 (кемінде 6 000 қаралым)	3 3 1 5 1 1 (кемінде 6 000 қаралым)	Қоғамда отбасы құндылықтарын дәріптеуге бағытталған бейнероликтер әзірленіп, әлеуметтік желілерде, Маңғыстау облысындағы белсенді парақшаларда таратылды. Желі қолданушыларын, қазіргі отбасы құндылықтарын дәріптеп, оқырманға ой салу мақсатында бейнероликтер интернет кеңістігінде таратылды.
Шарт талаптарын а сәйкес жоба нәтижелері нің	Жоба туралы аралық есеп беру кезінде презентация					Онлайн презентация Фото скрин	1 1	1 1	
	Әлеуметтік жобаның					Онлайн презентация Фото скрин	1 1	1 1	

қорытынды жария презентация сы	аяқталуы бойынша қорытынды есеп беру презентациясы								
Шарт талаптарын а сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс	Жобаның іске асырылуы бойынша ақпарат тарату					Ақпараттық хабарландыру Дайджест (скрин мен сілтемелер)	6 1	6 1	
	3 бейнероликті танымал ақпараттық кеңістікте тарату					Әлеуметтік желіде жарияланым	10	10	

Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі: Жоспарланған іс-шаралар орындалды, ауытқулар жоқ.

Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз

	Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланған деңгейі	Нақты деңгейі
1.	Тікелей бенефициарлардың саны	адам	1000	1013
2.	Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен)	адам	6000	6000
3.	Штаттық қызметкерлердің саны	адам	3	3
4.	Тартылған мамандардың саны	адам	7	7
5.	Қамтылған ҮЕҰ саны	ұйым	0	0
6.	Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	теңге	2 030 000	2 030 000
7.	Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС)	теңге	261 058	251 083
8.	Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	теңге	8 673 064	8 673 064
9.	Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар)	ұйым/адам	1	1

2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету): - 25 әйел көшбасшысына арналған 5 компоненттен тұратын білім беру бағдарламасы сәтті іске асырылды. Бағдарлама бойынша тренерлер мен оқыту материалдары бекітіліп, брошюралар әзірленді. Қатысушыларды іріктеу нәтижесінде 580 өтінімнен 25 әйел көшбасшысы таңдалды. Қатысушылардың 80%-ы оқу бағдарламасына қанағаттанарлық көрсеткіш көрсетіп, оның тиімділігін растады.

- 433 жас ата-аналарға арналған 2 мастер-класс өткізілді. Бірінші шара Ақтау қаласында, екінші шара Жаңаөзенде онлайн форматта өтті. Шеберлік сағаты барысында ұлттық отбасы құндылықтарын дәріптеу бойынша семинарлар мен практикалық тапсырмалар өткізілді, бұл іс-шара қатысушылардың қызығушылығын тудырып, аймақтағы жас отбасылар үшін өзекті болды.

- «Баланы бақпа, тәрбиеле», «Әр баланың арманы – бақытты отбасы», «Перзент үшін ең жылы ұя – ананың аялы алақаны» тақырыбында 3 бейнеролик әзірленіп, әлеуметтік желілерде таратылды. Бұл бейнероликтер қоғамда отбасы құндылықтарын насихаттап, кең аудиторияға жетті.

3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу

Әлеуметтік жобаны іске асыру барысында ең бірінші міндет – көшбасшы әйелдерге арналған оқу бағдарламасын өткізу шарасында өңірдегі әр салада белсенділік танытып, ары қарай кәсіби және әлеуметтік дамуға жұмыстанып жүрген әйелдерге Республикалық деңгейдегі білікті мамандардың қатысуымен семинар-тренинг өтті. Қатысушылар ары қарай өздері спикер, тренер есебінде жұмысын жасау үшін арнайы сертификатқа ие болды.

Жас отбасыларға арналған шеберлік сағатқа қатысушылар ұлттық нақыштағы әшекей-бұйымдар мен әр түрлі қолөнер бұйымдарын, тігін тігу ісі, ағаштан бұйым жасау секілді кәсіппен айналысатын, қызығушылық танытатын қатысушыларға пайдалы шеберлік сағат болды.

Шараға қатысқан қатысушылар отбасылық жағдайда, кәсіптік салада да алған шеберлік сабақтарын қолдана алады.

Әлеуметтік желіде таратқан бейнематериалдар желі қолданушысына ой салатын, қазіргі өзекті мәселелерді қамтитын, қоғамдағы ахуалды көрсететін өнім болғандықтан, Маңғыстау облысындағы белсенді парақшаларға таратылып, оқырмандар арасында кең таралды.

4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
1013	303	710

2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
1013		412	50	135	20	136	125	55	80	

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
1013		122	334	204	217	86	50

5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1) Көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Әйелдер көшбасшылығы: 25 әйел көшбасшысына арналған 5 компоненттен тұратын білім беру бағдарламасы іске асырылды. 580 өтінімнен 25 қатысушы таңдалып, 80%-ы оқу бағдарламасын қанағаттанарлық бағалады.

Дәстүрлі отбасы құндылықтарын насихаттау: 2 мастер-класс өткізілді, 433 жас ата-ана қамтылды. Бірінші мастер-класс Ақтау қаласында 200 адамға, екінші шеберлік сағаты Жаңаөзенде онлайн өтті және 233 адам қатысты.

Отбасының жағымды бейнесін дәріптеу: 3 бейнеролик әзірленіп, әлеуметтік желілерде таратылады.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

25 әйел көшбасшысына арналған білім беру бағдарламасы мен жас ата-аналарға арналған мастер-класстар ұлттық құндылықтарды дәріптеп, қатысушылардың әлеуметтік және кәсіби дамуына оң ықпал етеді. Бағдарламаның сәтті іске асуы, оның ішінде тренингке қатысушылардың 80%-дан астамының қанағаттанарлық нәтижелері, әйелдер көшбасшылығын арттыруда тұрақты өзгерістерге әкелетіні болжанады. Сонымен қатар, «Дәстүр Фест» сияқты іс-шаралар отбасылық құндылықтарды насихаттап, жас отбасылардың ұлттық дәстүрлерді қабылдауын тереңдетеді. Әзірленген бейнероликтер отбасы мәртебесін көтеруге және қазіргі отбасы құндылықтары туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға ықпал етеді, бұл өз кезегінде қоғамдағы отбасы институтының тұрақтылығын арттырады.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жоба қоғамға айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық әсер берді. Әйел көшбасшыларына арналған білім беру бағдарламасы сәтті жүзеге асырылып, қатысушылардың басым бөлігі оқу бағдарламасына қанағаттанарлық бағаларын берді. Дәстүрлі отбасы құндылықтарын насихаттауға арналған мастер-класстар жас ата-аналар арасында ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлкен мүмкіндік туғызды. Сонымен қатар, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған бейнероликтер қоғамда отбасылық құндылықтардың маңыздылығын көтеріп, кеңінен таралды. Жоба әйелдер көшбасшылығын дамыту, отбасы құндылықтарын насихаттау және қоғамның мәдени дамуына үлес қосу мақсатында маңызды қадамдар жасады.

6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда? Әлеуметтік жобаны іске асыруда «Caspian Today» ақпараттық агенттігі ақпараттық қолдау көрсетті. Ұйымдастырылған іс-шаралар, хабарландыру, ақпараттық пресс-релиздерді ресми сайтта және әлеуметтік желілерде жариялады.

Әлеуметтік жобаның серіктестері

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ	Жобадағы рөлі	Ұйымның, серіктестің байланыстары	Ескерту
«Caspian Today» ақпараттық агенттігі	Ақпараттық қолдау	+7 702 439 99 79	

Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:

№	Мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты	Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Күтілетін нәтиже
	Маңғыстау облысындағы еңбек дауларын алдын алуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру	Еңбек дауларын заңды жолмен шешу	Маңғыстау облысында ірі ұжымдық мекемелерде орын алатын еңбек дауларын алдын алуға бағытталған іс- шараларды іске асыру.	10 000 000	Қысқа мерзімді	Еңбек дауларын реттеуге бағытталған кездесулер, конференциялар өткізіледі. Еңбек инспекциясы

						өкілдері, 10 ірі мекеме басшылығы, жұмысшылардың кәсіподақ төрағалары қатысуымен 2 күндік конференция өткізу.
--	--	--	--	--	--	---

Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.

Мемлекеттік органдар	Ұсынымдар	Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні (қосымшалары бар хаттардың кошірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)

Есеп беттерінің жалпы саны: 10 бетте

Грант алушы: «Көмек-командасы» ҚҚ
Директор Айтбай Қанаев

Толтыру күні: _____
Мөрдiң орны: _____

